

2 шілде,
Сейсенбі,
2019 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

АУДАНҒА ЖАҢА ӘКІМ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Бүгін ҚР Президенті Әкімшілігінің және аудандық мәслихаттың кезектен тыс сессиясының келісімі бойынша облыс әкімі Оңдасын Оразалин бұл қызметке Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлын тағайындады.

Жаңа әкімді аудан активіне арнайы таныстырған аймақ басшысы алдағы жұмысына сәттілік тілей отырып, Мемлекет басшысы бекіткен бағдарламалардың сапалы түрде жүзеге асыруға және ауданның өлеуметтік-экономикалық дамуы мен тұрғындардың, оның ішінде жастардың жұмысқа орналасуын басты назарда ұстау қажеттілігін айтты. «Ауданда ауыл шаруашылығын дамыту және инвестиция тарту, бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Енді жаңа әкім осы бағыттағы жұмыстарды жеделдетіп, сапалы түрде атқару қажет. Бұдан бөлек, бизнестің жол картасы, қарапайым заттар экономикасы саласын, еңбек ресурстарын реттеп, халықты жұмыспен қамту жұмыстарын күшейтуді тапсырамын», - деді Оңдасын Оразалин.



6 шілде – Елорда күніне орай Ойыл ауданының әкімі Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлының аудан жұртшылығын құттықтауы



Құрметті ойылдықтар және аудан қонақтары!
Сіздерді сүйікті Отанымыздың жүрегі, халқымыздың мақтанышы – Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласының төл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Ел өміріне біркелкі ырақ беріп, өлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық тыныс-тіршілігінің құртамасына айналған еліміздің бас қаласы – Елорда күнін Республика жұртшылығы айрықша атап өтуде.

Тұңғыш Президент-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Елордамызды – Қазақстан тәуелсіздігі мен егеменділігінің алтын бесігі және еліміздің рухани, ғылыми, қаржы және мәдени орталығы» деп баса айта өткен болатын.

Елорда күні мерекесінің саяси маңызы зор екендігі баршамызға белгілі. Өйткені, Нұр-Сұлтан – Тәуелсіз Қазақстанның символы, мемлекетіміздің қарқынды дамуы мен өл-ауқатын арттырудың негізі, шығыс пен батыс мәдениетін тоғыстырып тұрған теңдесіз қала. Ол Республикамыздың жетістіктері мен гүлденуінің айнасы іспеттес.

Мемлекетіміздің Елордасы қазақстандықтардың үлгі тұтар қаласы болып отыр. Сондықтан әрбір қала, әрбір облыс орталығы астана секілді өдемі, көрнекті, сәулетте де, сапалы шаһар болуға талпынады, Нұр-Сұлтанға қарап бой түзейді.

Бүгінде ол өлемдегі сәулет өнерінің інжу-маржанына айналып, өсемдігі қайталанбас келбетімен әрбір қазақстандықтың жүрегінде патриоттық сезімін нығайтып, Отаны үшін теңдесіз мақтанышқа бөлейтін ару қалаға айналды. Күн санап түрлене, асқақтай түсуде.

Ажарлы да, өсем – Нұр-Сұлтанмыз халықаралық деңгейдегі экономикалық форумдар мен дестүрлі діндер көшбасшыларының съездері өтетін бейбітшілік пен келісімнің қаласына айналды.

Тәуелсіз Отанымыздың айыны мен мақтанышына айналған Елорданың мерейі – барша қазақстандықтардың мақтанышы.

Республика халқымен бірге Ойыл ауданының жұртшылығы да сүйікті Нұр-Сұлтанның туған күнін ерекше ықыласпен атап өтуде.

Осы бір тамаша мерекеде баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақыт-береке, бірлік, Отанымызға гүлдену мен бейбітшілік тілеймін! Халқымыздың баянды бірлігі, ұйыған татулығы жасасын!

Құрметпен,

Ойыл ауданының әкімі А. Қазыбаев

ОЙЫЛ ЖАСТАРЫ ОБЛЫСТЫҢ ЧЕМПИОНЫ

Қай уақытта да жастар қоғамды нығайту мен жаңғыртудың қозғаушы күші. Қазіргі таңда жастардың қоғам өмірінің барлық салаларына қатысу моделі өзгерді. Ендігі қажеттілік жастарға мемлекет тарапынан қолдау көрсетулі.

Ақтөбе облысының Төтенше жаңдайлар департаментінің «Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесі «Жастар құтқару» қолдау мақсатында Ақтөбе қаласы мен Қобда ауданында өрт сөндіру-құтқару спорты бойынша облыстық жасөспірімдер арасында чемпионат өткізді.

Осы чемпионатта ауданымыздың намысын қорғау Ойыл қазақ орта мектебінің 9-11 сынып оқушыларына жүктелді. Ал, жарыс өрт сөндіру-құтқару спортының 3 түрінде өткізілді. Яғни, шабуыл сатысымен оқу мұнарасының 2 қабаттына көтерілу, жауынгерлік қанат жаю, өрт эстафетасынан бақ сынасты. Жарыс қортындысы бойынша Ойыл ауданының №14 ОСБ жасөспірімдер командасы спорттың 3 түрінде де жақсы нәтижелер көрсетіп, жалпы командалық есепте 1 орынды иеленіп, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Ж.ҚОБЛАНОВ,

Ойыл ауданының №14 ОСБ бастығы,

азаматтық қорғау подполковнигі.

Ойыл ауданы әкімдігіне,
аудандық мәдениет бөлімі қызметкерлеріне,
Ойыл ауылы тұрғындарына!

Алғыс хат

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры», «Ауыл-ел бесігі», «Жастар жылы» бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында республикада алғаш құрылған «Атамекен» ардагер аталар және «Асылым» аналар ансамбльдері мүшелері облыс аудандарын, ауылдарын аралап, тұрғындарға мәдени қызмет көрсетуді Алға ауданындағы қасиетті, киелі нысан Есет Көкіұлы кесенесі мен ескерткіші орналасқан Бестамақ ауылынан бата алып, қазақы салт-дәстүрмен, жақсы ырыммен бастады. Одан кейін Қобда, Мұғалжар, Хромтау аудандары мен ауылдарында ауыл жұртшылығына үгіт-насихат, мәдени қызметтерді жүзеге асырды.

Облыс әкімдігі бекіткен маршрут, кестемен кезек Ойыл ауданына жеткенде аудандық мәдениет мекемелері қызметкерлері ұлтымыздың дәстүріне сай ансамбльдер мүшелерінің алдарынан шығып, қарсы алып, риза етті. Көкжар жәрмеңкесін, Шығанақ, Ботагөз, Кеңес Одағының батырлары, Социалистік Еңбек Ерлерінің ескерткіші орналасқан жақсы мазмұнды паркті көрсетіп, аралатып, Ойыл тарихынан сусындатты.

Аудандық музейде экскурсия ұйымдастырып, дүниетанымдық мол мәліметтер берді. Риза болдық. Ақеден ауыл тұрғындары, ардагерлері, «Атамекен» аталар, «Асылым» аналар ансамбльдерінің концертіне толып келді. Орындарын өндерге қосылып айтып, ықыласпен тындап, көңілді қабылдап, жақсы ниет білдірді. Рахмет!

Кезекті өнер сапарына шыққан «Атамекен», «Асылым» ансамбльдері мүшелеріне құрмет көрсетіп, жылы қабылдаған, «Қонақ асы - құрмет басы» деп жағдай жасаған, дем татықпаған, тілін, өдет-ғұрпын, тарихын сақтап, дамытып, бірлік пен еңбекті қастерлеп отырған Ойыл ауылы тұрғындарына, аудан әкімдігіне, ұйымдастырған мәдениет қызметкерлеріне үлкен алғыс айтамыз! Сіздерге мықты денсаулық, зор бақыт, шаттық өмір, толағай табыс тілейміз!

Сағынова Қаракөз - «Атамекен» аталар, «Асылым» аналар ансамбльдерінің көркемдік жетекшісі, Бейбітшілік әлемі, халықаралық дәрежедегі «Мәдениет майдалманы» төс белгісі иегері.

Ансамбль мүшелері:

Қуан Хамза - Ақтөбе қалалық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары.

Құрманбек Еркін - ҚР мәдениет қайраткері, Ақтөбе қаласының құрметті азаматы.

Еркемова Рахила - ардагер ана, ойылдық,
25.06.2019 ж.

ТАҒАЙЫНДАУ

Ақтөбе облысының әкімі О.С.Оразалиннің 2019 жылдың 2 шілдесі күні өкімімен Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 23-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасының Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы №828 Жарлығына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихатының келісімімен Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев Ойыл ауданының әкімі болып тағайындалды.

Өмірбаяны



Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев - 1962 жылы 23 шілдеде Ойыл ауданы Қаратал ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары, 1985 жылы Алматы зоотехникалық – малдәрігерлік институтын «Малдәрігері» мамандығы бойынша тәмамдаған. 2012 жылы С.Бейшеуов атындағы Ақтөбе университетін «Құрықтану және экономика негіздері» мамандығы бойынша бітірген. Отбасылы, 1 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отыр.

10.08.1979 - 21.08.1980 ж.ж. - Ойыл ауданы Ш.Берсиев атындағы кеңшарда жұмысшы.

21.08.1980 - 24.07.1985 ж.ж. - Алматы зоотехникалық институтының студенті.

02.09.1985 - 21.01.1987 ж.ж. - Ойыл совхозында малдәрігері.

13.01.1987 - 07.04.1988 ж.ж. - Ойыл ауданы Жекенді совхозында бас малдәрігері.

07.04.1988 - 21.01.1994 ж.ж. - Ойыл ауданы Ш.Берсиев атындағы кеңшар комсомол комитетінің босатылған хатшысы, Қазақстан Жастар одағы комитеті хатшысы.

21.01.1994 - 08.09.1997 ж.ж. - Қаратал селолық округінің әкімі.

08.09.1997 - 01.02.1999 ж.ж. - Ойыл ауданы өкімінің орынбасары.

01.02.1999 - 02.10.2000 ж.ж. - №2 Ойыл кәсіптік техникалық лицейінің директоры.

30.10.2001 - 13.06.2003 ж.ж. - Ойыл ауданы өкімі аппаратындағы спорт және туризм комитетінің бас маманы.

13.06.2003 - 25.03.2004 ж.ж. - Ойыл аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі.

25.03.2004 - 11.03.2009 ж.ж. - Ойыл ауданы өкімінің орынбасары.

11.03.2009 - 09.02.2010 ж.ж. - Ойыл аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы.

09.02.2010 - 05.05.2010 ж.ж. - ҚР ауылшаруашылығы Министрлігі агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекция бастығы.

05.05.2010 жылдан бүгінге дейін Ойыл ауданы өкімінің орынбасары қызметін атқарып келді.

НҰР-СҰЛТАННЫҢ ЕҢ БИІК ҒИМАРАТТАРЫ

«Меруертті мекен» - әр түрлі биіктіктегі көп қабатты үйлерден құралған кешен (37, 40, 53 қабат). Арасындағы ең биігі 210 метрге жуықтайды. Ғимарат ассиметриялылығымен ерекшеленеді: 32-қабаттан бастап аумағы кеңейе түседі. Соңғы қабаттың аумағы алғашқы бірінші қабаттан 15 метрге артық. Ал кешеннің аумағы – 280 000 шаршы метр. Жоба құны – 350 миллион доллар. «Солтүстік сәулесі» атты тұрғын үй кешені Елордада 2008 жылы салынған. Кешен 34, 39, 44 қабаттан құралған тұрғын үйлерден тұрады. «Хим-тек» стилінде жасалған тұрғын үй кешенінің биіктігі 180 метр.

«Қазақстан Темір Жолы» ҰҚ бас кеңсесінің ғимараты - Қазақстанның биік маңнанттарының бірі. Заманауи үлгіде жасалған зәуліп үй Елорданың мақтанышына айналды. Және Қазақстандағы ең биік ғимарат. Биіктігі – 175 метр.

«TRANSPORT TOWER» (көлік және коммуникация ғимараты) ғимаратының биіктігі 155 метрге жетеді.

«Хан Шатыр» - Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан сауда және ойын-сауық кешені. 2010 жылдың 6 шілдесінде ашылған. Ерекше құрылыстың төбесі 150 метрлік мөйдір шатырмен жабылған. Қолданылған материалдардың химиялық құрамының арқасында сырттағы ауа райына қарамастан, іштей микроклимат үнемі бірқалыпты. Хан Шатырдың жалпы аумағы - 127 000 шаршы метр. Ішінде супермаркет, отбасылық бақ, демханалар мен мейрамханалар, кинотеатр, жаттығу залы, жасанды жағалау, кеңселер, 700 орынға арналған паркинг орналасқан. Оның басты артықшылығы – төрт мезгіл бойы температурасы +35 градус болып тұратын жасанды жағажайында. Жасанды жағажайдың құмы арнайы Мальдив аралдарынан өкелінген. Құрылыстың жобасын архитектор Норман Фостер жасаған.

«Гранд Алатау» кешені Елордада 2009 жылы салынды. Оның терезесінен Есіл өзенін, Бөйтеректі, президент резиденциясын, парламент ғимаратын емін-еркін тамашалауға болады. Кешеннің өзі бір платформада біріккен төрт ғимараттан тұрады. Олар 20, 28, 38, 43 қабаттан тұратын тұрғын үйлер. 43 қабатты ғимараттың биіктігі – 144 метр.

«Астана салтанаты» - Елордада 100 000 шаршы метрді алып орналасқан тұрғын үй кешені. қаланың қақ ортасында орналасқан бұл ғимарат 39 қабаттан тұрады. Биіктігі – 144 метр.

«Калитал» - 29 қабаттан тұратын, 218 пәтері бар тұрғын үй кешені. Биіктігі 100 метрді құрайды.

Тізіміміздегі ең ескі ғимарат 1974 жылы салынған «Қазақстан» қонақ үйі. 26 қабаттан тұратын қонақ үйдің биіктігі 102 метр. Құрылысты жүргізген архитекторлар тобы - Ю. Ратушный, Л. Ухоботов, А. Деев, Н. Матвеев, А. Татыгулов, М. Абдульдинова, В. Краснянский – 1980 жылы Ш.Уалиханов атындағы ҚазССР мемлекеттік марапатына ие болған.

Рухани жаңғыру

ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР МЕН ӨНЕР ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН



Қазақстан Халқы Ассамблеясының Ұлы Даланың дәстүрлеріне негізделген «Қайырымдылық керуені» акциясының аясында жыл басында Ақтөбе облысында «Мейірімділікпен бірлікте!» атты жоба қолға алынған еді. Әр айда 12 ауданға жоспарланған жобадан негізінен қазақ халқының ұмыт бола бастаған ұлттық дәстүрлерімен ұштасқан шаралар өткізу көзделген еді. Бүгін кезек біздің еншімізге тиді. Аудандық мәдениет үйі «Тоқымқағар» салтын көрсетті.

Осы акция аясында ауданға келген арнайы топ алдымен аудан өкімінің қабылдауында болып, одан кейін «Медиация дауды шешудің тиімді жолы» атты дөңгелек стол басындағы кездесуге қатысты. Одан кейін аудандық орталықтандырылған кітапханада аудандағы еңбек ардагерлерімен кездесті. Кездесуде Ақтөбе облысы өкімінің аппаратының «Қоғамдық келісім» коммуналдық мекемесінің сарапшысы Түлікбай Сапаров Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы кеңестердің ролі туралы баяндады. Кездесу барысында еңбек ардагерлері де бүгінгі бейбіт күннің берік негізін қалаған Елбасының сарабалдан саясаты туралы салиқалы ой өрбітті.

Ал, аудандық мәдениет үйінде Қазақстан Халқы Ассамблеясы жанындағы этномәдени бірлестіктердің шығармашылық ұжымдарының қатысуымен қайырымдылық концерті өтіп, «Тоқымқағар» дәстүрі көрсетілді. Ұлы даланың дәстүрлерін деріптеген шарада жұртшылыққа жүрекжарды лебізін арнаған аудан-

дық мәслихаттың хатшысы Еркін Жиеналин шара аясында алдымен жуырда ғана өткен Ұлттық Бірыңғай Тестілеуде жоғары нәтиже көрсеткені үшін Сағынш Сисенғалиева, Инара Сахиева мен Ұлпан Мұқамбетқалиеваға аудан өкімінің алғыс хатымен естелік сыйлығын табыстады.

Тоқымқағар - жас бала жолға шығарда жасалатын дәстүрлі бас қосу. Арнаулы мал сойылып, сыйлы мүшелер салынып ет асылып, кең дастархан жасалады, ойын-сауық, өлең, жыр айтылады. Бұл — сапарға шыққан жігіттің тоқымы жерде қалмасын, ат-көлігі аман келсін деген жақсы тілек білдірудің белгісі. Осы дәстүрді бейнелеген аудандық мәдениет үйінің көркемөнерпаздарының көрінісі соңында атасының немересінің сапарына ақ жол тілеп, бата беруімен аяқталды. Одан соң халықтық «Ақ өже» ансамблі көрермендерге халық өндерін тарту етсе, Ақтөбе облысы болгар этномәдени бірлестігінің төрайымы Анастасия Подольянова «Атырау мен Алтайдың арасы» деген әнді шықарды. Ал, халықтық «Өлке сазы» ансамблі «Ерке сылқым» күйін орындаса, осы ансамблдің сүйемелдеуімен Жаңылдық Бисенғалиева халық өні «Желдірмемен» жұртшылықты бір желпінтсе, «Секіртпе» күйін тартқан жас өнерпаз Гүлжан Темірбекқызы орындаушылық шеберлігімен көрермендердің ықыласына бөленді. Одан кейін Теңел Омаров Кененің «Көк шолғағымен» талайдың таңдайын қақтырды.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

Аудандық мәслихаттың хатшысы сайланды

25 маусым күні аудан өкімдігінің мәжіліс залында аудандық мәслихаттың кезектен тыс отыз алтыншы сессиясы өтті.

Күн тәртібіндегі қаралған негізгі мәселе «Аудандық мәслихаттың хатшысын сайлау туралы». Сессияның №9 Жетікөл сайлау округінің депутаты, сессия төрағасы Хамзин Жақсылық Самғоллаұлы жүргізіп отырды. Аудандық мәслихаттың тұрақты негізде жұмыс істейтін хатшысы лауазымына бір кандидатура ұсынылып, депутаттар ашық дауыс беру арқылы бірауыздан шешім қабылдады. Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 25 маусымдағы №311 шешімімен №7 Көптоғай сайлау округінің депутаты Жиеналин Еркін Жұмағазыұлы мәслихат хатшысы болып сайланды.



Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры халықтың зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылығын, жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен БЖЗҚ-ға деген сенім деңгейін анықтау мақсатында биыл да тәуелсіз компанияның күшімен 2018 жылдың қорытындысы бойынша өлеуметтік зерттеу жүргізді. Зерттеу қорытындысы бойынша жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы базалық білімге ие тұрғындардың үлесі 60,2 пайызды көрсетсе, Қорға деген сенім деңгейі 10 баллдық

БЖЗҚ ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУШЫЛАРДЫҢ ҚАМЫН ОЙЛАЙДЫ

шәкілде 6,4 баллға жетті. Бұл ретте сауалнамаға қатысқан тұрғындардың 78,3 пайызы (2017 жылдың қорытындысы бойынша 61 пайыз) еңбек қызметі аяқталған соң, қаржылық өл-ауқаттың негізі зейнетақы болады деген пікірмен келіседі. Демек адамдар ертеңгі күні, болашақ зейнетақысы туралы ойлана бастады деген сөз. Ал бұл экономикалық

тұрғыдан тұрақты қоғамның негізі болып табылады.

Қор бүгінде белсенді тұрғындарды жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамту бағытында қарқынды жұмыс жүргізіп келеді. Сөйкесінше БЖЗҚ-ға деген сенім деңгейі арта түсетіндігіне сенім мол.

Соңғы жылдары кішігірім болса да өз бизнесін жүргізетіндер, өрі қашық-

тықтан фрилансер болып жұмыс істеп, қызмет көрсететін өзін-өзі жұмыспен қамтушылар саны да артып келеді. Соңғы деректер бойынша елімізде мұндай адамдардың саны екі миллионнан асады. Олар негізінен өздеріне жұмыс істейді және ерине, табыстары тұрақты емес. Көпшілігі салық төлемейді және зейнетақы қорына жарна аудармайды. Ал мұның

салдары кейін үлкен қиындыққа өкпел соғары хақ. Өйткені, олар зейнетақы жинақтары болмаған соң, қарттық шақта кедейлік қамытын киюі ықтимал. Бұл адамдар зейнетақы қорынан жеке зейнетақы шотын ашқан соң, өкінішке қарай, оған жарна аударып тұруды ұмытады. Міне, Қор мамандары осындай «ұйқыдағы» (жинақ ақша бар, бірақ бірнеше жыл

жарна аударылмаған) немесе «нөлдік» (бір тиын ақша жоқ) шоттардың иелерімен жарналарды тұрақты аударып тұру жайында ақпарат беруге түсінідіру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Мысалы, Қор мамандары 2019 жылдың басынан бері 180,8 мыңнан астам шоттың иелерімен байланыс орнатты. Олардың ішінде 9,2 мыңнан астам адам ағымдағы жылдың 1 қаңтары мен 30 сәуірі аралығында шамамен 137 млн теңгеге зейнетақы жарналарын аударды.

Ақтөбе облыстық Әділет департаментінде
2019 жылғы 21 маусымда № 6259 болып тіркелді

Зарегистрирован в Актобинского областном
Департаменте юстиции 21 июня 2019 года за № 6259

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 19 маусым №110 Ойыл селосы
Ойыл ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 15 наурыздағы № 43 «Ойыл ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына және 62 бабының 6 тармағына сәйкес, Ойыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ойыл ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 15 наурыздағы № 43 «Ойыл ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-11-121 болып тіркелген, 2018 жылғы 23 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкіне жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

- көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
- «Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкіне және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
 3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қазыбаевқа жүктелсін.
 4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі Д.Сағиров

Ойыл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы
19 маусымдағы № 110 қаулысына қосымша
Ойыл ауданы әкімдігінің 2018 жылғы
15 наурыздағы № 43 қаулысына қосымша

ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚИТУҒА МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫ, АТА-АНА ТӨЛЕМАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы /аудан, қала/	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны				
		Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
1	«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Асанәлі» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	100	-	-	-	-
2	«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	170	-	-	-	-
3	«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	55	-	-	-	-
4	«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	42	-	-	-	-
5	«Ойыл аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Әсем» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	65	-	-	-	-
6	«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Балбөбек» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	75	-	-	-	-
7	«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	60	-	-	-	-
8	«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Асанәлі» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны жанындағы санаториялық үлдегі топ	15	-	-	-	-
	Барлығы	582	-	-	-	-

БІР ТӘРБИЕЛЕНУШІГЕ ЖҰМСАЛАТЫН ШЫҒЫСТАРДЫҢ БІР АЙДАҒЫ ОРТАША ҚҰНЫ /ТЕҢГЕ/

Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
29 980,75	-	-	-	-
29 980,75	-	-	-	-
29 980,75	-	-	-	-
29 980,75	-	-	-	-
29 980,75	-	-	-	-
29 980,75	-	-	-	-
29 980,75	-	-	-	-
29 980,75	-	-	-	-
29 980,75	-	-	-	-
35056,62	-	-	-	-

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА АТА – АНАЛАРЫНЫҢ БІР КҮНГЕ ТӨЛЕМАҚЫ МӨЛШЕРІ /ТЕҢГЕ/

Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
300	-	-	-	-
300	-	-	-	-
300	-	-	-	-
250	-	-	-	-
250	-	-	-	-
250	-	-	-	-
250	-	-	-	-

ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА УИЛСКОГО РАЙОНА

От 19 июня 2019 года №110 село Уил
О внесении изменения в постановление акимата Уилского района от 15 марта 2018 года №43 «Об утверждении государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение, размера родительской платы по Уилскому району»

В соответствии со статьей 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», подпунктом 8-1) пункта 4 статьи 6 и пунктом 6 статьи 62 Закона Республики Казахстан от 27 июля 2007 года «Об образовании», акимат Уилского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Внести в постановление акимата Уилского района от 15 марта 2018 года № 43 «Об утверждении государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение, размера родительской платы по Уилскому району» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 3-11-121, опубликованное 23 апреля 2018 года в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде) следующее изменение:

- приложение к указанному постановлению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему постановлению.
- Государственному учреждению «Уилский районный отдел образования, физической культуры и спорта» в установленном законодательством порядке обеспечить:
 - 1) государственную регистрацию настоящего постановления в Департаменте юстиции Актобинской области;
 - 2) направление настоящего постановления на официальное опубликование в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде и периодических печатных изданиях.
 3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима района А. Казыбаева.
 4. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким района Д.Сағиров

Приложение к постановлению акимата
Уилского района № 110 от 19 июня 2019 года
Приложение к постановлению акимата
Уилского района от 15 марта 2018 года № 43

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЗАКАЗ НА ДОШКОЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ, РАЗМЕР РОДИТЕЛЬСКОЙ ПЛАТЫ ПО УИЛСКОМУ РАЙОНУ

№	Административно-территориальное расположение организаций дошкольного воспитания и обучения /район, город/	Количество воспитанников организаций дошкольного воспитания и обучения				
		Детский сад	Мини-центр с полным днем пребывания при школе	Мини-центр с неполным днем пребывания при школе	Мини-центр с полным днем пребывания самостоятельный	Мини-центр с неполным днем пребывания самостоятельный
1	Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли-сад «Асанәлі» государственного учреждения «Аппарат акима Уилского сельского округа Уилского района Актобинской области»	100	-	-	-	-
2	Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли-сад «Балдырған» государственного учреждения «Аппарат акима Уилского сельского округа Уилского района Актобинской области»	170	-	-	-	-
3	Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли-сад «Жолшы» государственного учреждения «Аппарат акима Уилского сельского округа Уилского района Актобинской области»	55	-	-	-	-
4	Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли-сад «Айгөлек» государственного учреждения «Аппарат акима Коптогайского сельского округа Уилского района Актобинской области»	42	-	-	-	-
5	Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли-сад «Әсем» государственного учреждения «Уилский районный отдел образования»	65	-	-	-	-
6	Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли-сад «Балбөбек» государственного учреждения «Аппарат акима сельского округа имени Ш.Берсиева Уилского района Актобинской области»	75	-	-	-	-
7	Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли-сад «Балдәурен» государственного учреждения «Аппарат акима Саралжинского сельского округа Уилского района Актобинской области»	60	-	-	-	-
8	Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли-сад «Асанәлі» государственного учреждения «Аппарат акима Уилского сельского округа Уилского района Актобинской области» группа санаторного типа	15	-	-	-	-
	Итого	582	-	-	-	-

СРЕДНЯЯ СТОИМОСТЬ РАСХОДОВ НА ОДНОГО ВОСПИТАННИКА В МЕСЯЦ /ТЕҢГЕ/

Детский сад	Мини-центр с полным днем пребывания при школе	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Мини-центр с полным днем пребывания самостоятельный	Мини-центр с неполным днем пребывания самостоятельный
29 980,75	-	-	-	-
29 980,75	-	-	-	-
29 980,75	-	-	-	-
29 980,75	-	-	-	-
29 980,75	-	-	-	-
29 980,75	-	-	-	-
29 980,75	-	-	-	-
29 980,75	-	-	-	-
29 980,75	-	-	-	-
35056,62	-	-	-	-

РАЗМЕР РОДИТЕЛЬСКОЙ ПЛАТЫ В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ В ДЕНЬ /ТЕҢГЕ/

Детский сад	Мини-центр с полным днем пребывания при школе	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Мини-центр с полным днем пребывания самостоятельный	Мини-центр с неполным днем пребывания самостоятельный
300	-	-	-	-
300	-	-	-	-
300	-	-	-	-
250	-	-	-	-
250	-	-	-	-
250	-	-	-	-
250	-	-	-	-

**ҚҰРМЕТТІ ОЙЫЛДЫҚТАР ЖӘНЕ АУДАН ҚОНАҚТАРЫ!
СІЗДЕРДІ «6 ШІЛДЕ – ЕЛОРДА КҮНІ» МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ
ОЙЫЛ СЕЛОСЫНДА ӨТЕТІН МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАРҒА ШАҚЫРАМЫЗ!**

№	Іс-шараның атауы	Өтетін мерзімі	Өтетін орны
1.	«I LOVE NUR-SULTAN» әлеуметтік желілер флешмобы (Нұр-Сұлтандағы селфи)	17 маусым – 4 шілде аралығы	Әлеуметтік желі парақшасы
2.	«Тәуелсіздік түңдігі – Нұр-Сұлтан» атты экспозициялық көрме	4 шілде сағат: 10.00	Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейі
3.	«Ұлтымыздың рухани ордасы» атты мәдени шара	5 шілде сағат: 11.00	Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейі
4.	«Арқа төсіндегі, ару қала-Нұр-Сұлтан» тақырыбында виртуальды кітап көрмесі	5 шілде сағат: 11.00	Аудандық орталық кітапхана
5.	Сауда қатарларында арзандатылған бағамен ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі	6 шілде сағат: 09.00	Ойыл аграрлық колледжі алауы
6.	6 шілде - Елорда күніне орай «Ел жүрегі — Нұр-Сұлтан» атты мәдени-көпшілік шара. - Концерттік бағдарлама; - Мерекелік марш; - Мерекелік от шашу.	6 шілде сағат: 20.00	Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі алауы
7.	«Нұр-Сұлтан-Отанымыздың жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі» түрлі әдістермен сурет салу байқауы	6 шілде сағат: 20.00	Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі алауы
8.	Елорда күніне орай аудан жастарына отандық көркем фильм көрсетілімі	7 шілде сағат: 20.00	Аудандық мәдениет үйі

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2019 ЖЫЛДЫҢ III - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлы, аудан әкімі	Шілде айының - 3, 10 күні уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.	Ойыл селосы, Құрманғазин көшесі № 43. Аудан әкімдігі ғимараты	2-12-23
		Шілде айының - 17, 24 күні уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.	Ойыл селосы Жолмырзаев көшесі, № 16 «НұрОтан» партиясы Ойыл аудандық филиалының ғимараты	2-12-19
		Тамыз айының - 7, 14 күні уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.	Ойыл селосы, Құрманғазин көшесі № 43. Аудан әкімдігі ғимараты	2-12-23
		Тамыз айының - 21, 28 күні уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.	Ойыл селосы Жолмырзаев көшесі, № 16 «НұрОтан» партиясы Ойыл аудандық филиалының ғимараты	2-12-19
		Қыркүйек айының - 4, 11 күні уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.	Ойыл селосы Құрманғазин көшесі № 43. Аудан әкімдігі ғимараты	2-12-23
		Қыркүйек айының - 18, 25 күні уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.	Ойыл селосы Жолмырзаев көшесі, № 16 «НұрОтан» партиясы Ойыл аудандық филиалының ғимараты	2-12-19

2019 ЖЫЛДЫҢ III - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Кенжебаев Асылан Кенжебайұлы, аудан әкімінің орынбасары.	Шілде - 2,9,16, 23,30 күндері Тамыз - 6, 13, 20, 27 күндері Қыркүйек - 3, 10, 17, 24 күндері Уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін	Ойыл селосы Құрманғазин көшесі № 43	2-12-23
	Тлепов Ербол Мырзабайұлы, аудан әкімі аппаратының басшысы	Шілде - 5, 12, 19, 26 күндері Тамыз- 2, 9, 16, 23,30 күндері Қыркүйек - 6, 13, 20, 27 күндері Уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.		

2019 ЖЫЛДЫҢ III ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Жергілікті атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Қайыңды ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Кожухметов Талғат Байғалиевич, Қайыңды ауылдық округі әкімі	5,12,19,26 шілде 2,9,16,23 тамыз 6,13,20,27 қыркүйек	Ақжар ауылы, Мектеп көшесі № 6 үй,	74-8-10

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

«Қайыңды ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда төмендегі сенім телефонына хабарласуды сұрайды. **Сенім телефонының нөмірі 74-8-14.** Сонымен қатар өкімшілік ғимаратында ұсыныс – пікір салу үшін сенім жөшігі орнатылған.

Шалқиіз жығрау

Бұз үстінде от жаққан,
Бұзмай бұлан пісірген,
Мен иемнің бөрілі ала тасы
едім.
Иә, ием, сенің сырың
мен білем,
Менің ием би Темірдің өрі өзім
Жау көрген күн жүрегінің
басы едім
Көз үстінде қасы едім!..

Қатынасы биік көлдерден
Қатар түзеп қу ұшар,
Алға сап тіз оқ ата көрмеңіз,
Қандыауыздан сыйлы
жебе сайламай;
Атаның ұлы ер жігітке
Арту-арту бел келер,
Оқтан қатты сөз келер,
Алға сап жауап бермеңіз,
Арғы түбін ойламай!

Ор, ор қоян, ор қоян,
Ор қоян атты бір қоян,
Он екі көкек атасы –
Қаудырқұлақ шал қоян
Жүйрікпін деп мақтанбас,
Жүйрікпін деп мақтанса,
Ұзын жолдың үстінде
Оралып ойнап тұрған

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл селосы, Бақаев көшесі
Бекмұхан Дошай Әленұлы
(07.07.1946ж-13.09.2018ж)



47 жыл бірге атып еді-ау арай күн,
Шаттыққа толы, думанға толы талай күн.
Сағына еске алып, сол күндердің елесін,
Түншығып жасқа суретіңе қараймын.
Бір жыл болып қалды, өзіңсіз өткен күндерім.
Бір жыл болып қалды, көз жасын төккенім.
Бір жыл бойы жоқтасамда зар қағып,
Өтпей-ай даусым өзіңе бірақ жетпейді.
Орындалмас арман екенім білемін,
Қан жылайды, қарсы айырылып жүрегім.
Ендігі қалған жерде артыңда қалған
балаларыңның,
Тек қана амандығын тілермін.
Еске алушылар: зайыбы Зоя, балалары.

ҚАРЫЛҒА КЕРЕЕВА



Өмірінің соңына дейін халықпен етене араласып, қоғамнан тыс қалмаған Қарылға Кереева 89 жасқа қараған шағында өмірден озды. Қарылға Керейқызы Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Жетікөл ауылдық кеңесінде 1931 жылы 15 маусымда туған. 1947 жылы осы ауылдық кеңестегі Сапақөл жеті жылдық мектебін бітіріп, еңбек жолын қазіргі Жекенді кеңшарында бұрынғы үшінші бес жылдық колхозында колхозшы болып бастаған.
1950-56 жылдар арасында осы ауылдық кеңесте сауда қызметкері, кейін кітапханашы болып еңбек етті. Осы жылы Жетікөл ауылдық кеңесінің, Ойыл аудандық кеңесінің депутаттығына сайланып, осы кеңестің хатшысы болып сайланды.
1957 жылы компартия кандидаттығына қабылданып, 1958 жылдың қаңтар айында партия мүшелігіне өтті және осы Жетікөл ауылдық кеңестің төрайымы қызметіне сайланды.
Барлық еңбек жолында жақсы көрсеткішке жеткендігі үшін Ойыл аудандық партия комитетінің жолдамасымен 1959 жылы Шымкент қаласындағы кеңес-партия мектебіне оқуға жіберілді.
1962 жылы зоотехник мамандығын алып, оқуын бітірген соң Ойыл аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы болып қызмет атқарды. Кейін аудандар іріленіп, Ойыл ауданы Қобда ауданына қосылып, аудан орталығы Қобдаға ауысқандықтан жаңуа жағдайына байланысты, Жекенді, Жетікөл кеңшарының ізінен 1963 жылы іріленген Жетікөл ауылдық кеңесінің төрайымы болып, 1965 жылдың маусым айына дейін қызмет жасады. 1965 жылдың маусым айында Ойыл ауданының қайта ашылуына байланысты, аудандық партия комитетінің шақыруымен, алғаш радио комитетінің төрайымы, аудандық тұтынушылар қоғамы төрағасының кадр жөніндегі орынбасары болып, 1966 жылдың қыркүйегіне дейін қызмет жасады.
1966-70 жылдар аралығында Алматы Жоғары партия мектебінің тыңдаушысы болды. Сол оқып жүргенінде мектептің партия комитетінің бюро мүшесі болып, қоғамдық қызметтер атқарды.
1970 жылы елге оралып, алғаш екі айдай Ойыл аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінде нұсқаушы, аудандық партия комитетінің шаруашылық жөніндегі хатшысы болып сайланып, осы қызметтен Республикалық дәрежедегі зейнеткерлікке шықты.
Еңбек жолындағы табыстары үшін «Еңбек ардагері» медалімен, Ұлы Отан соғысында жастай еңбек еткені үшін «1941-1945 жылғы ҰОС «Ерең еңбегі үшін» медалімен, Ұлы Отан соғысы жеңісінің 40 жылдық, 50 жылдық, 60 жылдық, 70 жылдық медальдарымен және «Тың жерлерді иергені үшін» медальдарымен марапатталды. 2017 жылы «Ойыл ауданының құрметті азаматы» атағы берілді.
Жалпы Қарылға Керейқызы еңбек еткен жылдарында партия органдарынан ешқандай ескертпе сөгістер алған жоқ.
Зейнеткерлікке шыққаннан кейін жас ұрпақтарға рухани азық ретінде «Құндыздың құпиясы», «Нан атасы – дән, балам», «Ат үстіндегі арпалыс» деген үш кітабын оқушы қауымға ұсынды. Облыс орталығындағы қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, әсіресе жастар тәрбиесіне көңіл бөлумен келді. Оған дәлел 2003 жылы өзінің жинаған қаражатынан Ақтөбе қаласындағы 3 жасқа дейінгі жетім балаларға киім-кешектен көмектесе, сондай-ақ 2003 жылы Ақтөбе қаласының орталығынан ашылған 18-23 жас аралығындағы жетім балалар үйінің ашылу рәсіміне қатынасып, лентасын қию құрметіне ие болды.
2005 жылы өзінің басшылығымен ашылған «Үміт» жетім балалар қорына жиналған қаражатты осы жасөспірімдер үйіндегі жақсы оқып және қызмет атқарып жатқан 10 ұл мен қыздың атына 190000 теңгеден салтанатты түрде табыс етіліп, жинақ кітапшасын әрқайсысының қолына табыс етті.
Соңғы уақытта да жасының ұлғайғанына қарамастан қоғамдық жұмыстарға араласып, жергілікті ақпарат құралдарында материалдар жариялап тұратын. Бердібек Сапарбаев Ақтөбе облысының қызметін бастаған соң, алғашқы болып Қарылға Керееваға сөлем беріп, облыстың ардагерлерімен кездесті. Қарылға апамыз сол кезде де өзінің тектілігімен, зиялы ой-пікірімен нағыз ақылды қазыналы қарияның сөзін сөйлеп, кейінгі жастарға сол батасын берді. Жақсының аты өлмейді. Қарылға апамыздың артында өскелең ұрпаққа өнеге етердей еңбек жолы, таным мен тәрбиеге толы өмірі, жазған кітаптары қалды. Қашанда өзінен бұрын халықтың қамын ойлап тұратын Қарылға апамыздың аты ұмытылмай емес. Артындағы елі, халқы, ұрпақтары ауялы апамызды есіңе сақтайды. Ұмытпайды.
А.Қазыбаев, Е.Жиеналин, А.Кенжебаев, Е. Тлепов, Т.Шалабаев, Ф.Займолдаулы, С.Аманжосов, Б.Жантолы, С.Қойбағаров.

Ең сұлу адам, ол менің – Анам!

Мен үшін Күннің нұры да, Айдың сәулесі де, Жұлдыздың жарығы да әрқайсысының өз қасиеттері болғанымен Анамның бір ғана «Айналайын» деген мейрімді бір ауыз сөзіне жетпейтін сияқты. Осыдан екі жыл бұрын Анам 80 жасқа толғанда ұрпақтары аудан орталығындағы «Қуаныш» тойханасына ағайын-туыс, құда-жеқжат, көршілердің басын қосып тамаша той өткізді. Сол тойда анамыздың бұрынғы жұмысастары, көршілері анашымның еңбек-қорлығын айтып, өткен шақты еске түсірді. Анам өзін әрқашан сабырлы ұстайтын. Ашуы тым сирек келетін. Балаларына анда-санда ұрысқаны болмаса, ағайын-туыспен, көрші-қолаңмен жүз шайысып көрген емес. Келіндеріне, күйеу балаларына тіпті дауыс көтермейтін. «Қызым саған айтам, келімің сен тында» - дегендей, немерелеріне шаң жуытпайды. Соны кездері зейнетқасына кезекпен телефон алып беріп, немерелерін қуантып жататын. Қолындағы кенже баласы қалжыңдайды, «біздің мама үйде проблема болмаса, көршінің үйінің шаруасын ұяйымдап отырады» - деп...
Он баланың ауялы анасы, немерелерінің сүйікті әжесі, өкпе адал жар, ата-енесі мен ауыл-аймаққа ибалы келін болды. Оған көзін көрген туыстар мен көрші-көлем куе.



Есіме мына жағдай түсіп кетті. Мектепте оқушы кезім анашым «Шай қойып жіберші, көлік күтіп тұрған жолаушыларды шақырып келдім» - деді. Жолаушылар кетесін олар кімдер деп сұрадым, анашым жайбарақат «Мұсылман емесің бе?» - деді. «Қырықтың бірі қыдыр» - деді, қайсысы қыдыр екенін қайдан білесің, осы сөздерді көзім жасым елуден кеткенде түсінгендеймін жарықтық сол кезде анашым қырықтан асқан шағы екен... Сол 80 жастан кейін Астанадан келген ұлына бір сарғайған қағазды ұстатып жатыр. Өкешім 1977 жылы анамның 40 жасына арнаған сияқты. Сол қалпында былай депті **АЛТЫН ҚАЗЫҒЫМ**
20 жастан қосылдық,
Көңілімді тапқан-ай!
Қайда барам десем де,
Шаужайымнан тартпадың!
Туысқан тату, жеқжат мөз,
Мінезімнен жаққан-ай!
Алақан ашық, ақ пейіл,
Ағайын мен ел-жұртқа!
Келтірмеген бір зейіл,
Бұл сөзімде елеу жоқ,
Өдеміге теңеу жоқ!
1977 жыл Ойыл
Бұл мақаламды Анама арнап отырсам да, өкем туралы бір ауыз сөз айтпасам, өке рухы мені биіктерге жетелемес деп қорқам. АЛЛА жар болсын!
Жатқан жерің мамық, маусым жаннатта болсын, Ақ Патшам! Өкем көп сөйлемейтін, тұйықтау кісі. Кейде ол кісінің жақсы көргенін де, жек көргенін де түсінбей жатамыз. Анашым балаларына үнемі «өкең ұрсады» - деп қорқытып қоятын. Сабақты тек беске оқып, өкеміздің көңілінен шығуға тырысып бағатынбыз, тек мен ғана емес, барлық балалары. Еңбек демалысында санаторий-курортта барып демалып келетін. Қурған обл келгенде анашымға кофта, костюм юбкасымен өкелді, барлығымыз ды сый-лықтан құрқалдырмын.

Ойыл аудандық білім қызметкерлер кәсіподақ ұйымы, Ойыл қазақ орта мектебі және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектеп кітапханашысы Қожиева Бибігүлге және туған-туыстарына атасы **Ахметкерейдің** қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

Ойыл аудандық білім қызметкерлер кәсіподақ ұйымы, Ойыл қазақ орта мектебі және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектеп кітапханашысы Кенжеғалиева Бейбітке және туған-туыстарына жездесі **Аманжолдың** қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

Ж.Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің қызметкері Қожиева Ақсамалға ардақты атасы **Ахметкерейдің** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1621 табақ. Тапсырыс №780 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525
«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.



Кәдірлі, Мұхит аға! Бүгін сізден келген, туған ауылым – Жекендіден келген қонырау мен үшін күтпеген тосынсыз болды. Өзім осыдан тура 40 жыл бұрын ұзатылып кете барған Жекендімнен соңғы жылдары хат-хабар сүйіліп, байланыс сиреп қалғаны жасырын емес. Адам мен апам кеткелі соңымнан іздеушілер де азайды, сондықтан өп дегенде өз-өзіме келе алмай, біраз қобалжып қалдым.

ЕЛГЕ СӘЛЕМ!

көдімдей көңілің өсіп, марқайып қаларың анық. Иә, сол сияқты сіздің бүгінгі тосын қонырауыңыз жан дүниеме бір нәзік сәуле сөйлегендей болды. Отбасымның, Сәбиттің жай-күйін сұрағаннан кейін: – Айналайын, саған көп рақмет, алыста жүрсен де туған ауылыңның тіршілігіне бейжай қарай алмай, хал-қадіріңше өз үлесіңді қосып, азын-аулақ қаржыңды Гүлбарамға аманаттап кеткен екенсің. Сол бірәзден бері ойға алып, бітіре алмай жүрген ауыл зиратын қоршадық. Келмей 5 гектар. Қолымыздан келгені сол болды. «Өлі риза болмай, тірі байымас» деген, кешегі Ораза айында зират басына ауыл ақсақалдарын жиып, құран шалдық, – деп ел жаңалығын жеткізіп жатырсыз. «Жақсы ниет – ниет қана қарасан, Дұрысы оны іс қылуға жарасан» - дейді Жүсіп Баласағұн. Ниет тазалық дегеніміз арлылық, имандылық. Ниетіңіз қабелі болсын!

қуанышты хабар екен. Әсіресе, сіздің «Сол музейде сенің де тұратын орның бар» деген сөзіңіз мені ерекше толқытып жіберді. Осынша ықылас-ітпатыңызға, риясыз сый-құрметіңізге ерекше төңті болдым. Рас, ауыл халқы мені жақсы таниды деп ойлаймын. Алғашқы ұстаздық жолымды Жақсылық бастауыш мектебінен бастап, ауылға келіп пионер вожатый болдым. Сіздің қарамағыңызда ұстаздық жолымды жалғастырдым. Одан кейін совхозда комсомол жетекшісі болып қызмет еттім. Осының бәрі аға буын – сіздерге, ауылдағы мен құралпы замандастарыма белгілі жайт. «Артыңнан із қалдыру – табаныңның топырақтағы ізі емес, адамдығының өмірдегі ізі деп ұққан жөн» дейді Әкім Тарази. Ауылдан алған тәрбием, тазалығым – өмірге аттаған бақытты баспалдағым десе де болады. Міне, бүгінгі зейнет жасыма дейін сол таза, адал еңбегіммен қоғамнан өз орнымды таптым. Күйеу балаңыз Сәбитті өзіңіз жақсы танысыз. Ол да ұстаздықпен зейнетке шықты. Екі қыз, екі ұл тәрбиелеген өнегелі отбасы атаңдық. Ұлымыздың үлкені Рауан, қазір Орал қаласында «Жайық Пресс» медиахолдингінің бас директоры, Бекзатымыз мөдениет йінің қызметкері, қыздарымыз Гүлбақыт бақтыын Шымкенттен, Ақтөбеге барып Оралдан тапты. Қолымдағы Асылзат, Гүлсезім сияқты инабатты келіндерімді тәрбиелеп отырмын. Қазір 9 жас, 5 немереміз бар.

жатады. Бірақ зейнетке шықсам да халыққа қызмет жасаудан жалыққан емеспін. Көпбалалы аналар мен мұқтаж жандарға арналған «Қамқорлық» әлеуметтік-қайырымдылық кәсіпорнын аштым. Ауылдағы аналар дүкенінің төрайымымын. Жақында облыстық «Мерейлі отбасы» байқауынан 2-орын алып, аудан мақтанышы атандық. Иә, қарындасыңыз өзге елде жүрсе де абыройсыз емес. «Шаңыраққа ие болып қалатын, ұлдың аты ұл ғой шіркін, қашан да» - демекші, ұл боп тұсам, елімде бір қызметтің тізігін ұстап отырар ма едім, «қыз жат жұрттық» - деген осы. Міне, сіздің бір қонырауыңыз көңіл түкпірінде тығылып жатқан талай ойларымды түрткілеп оятқандай болды. Ел жақтан жылп еткен хабар болса, қолға қалам алып, туған ауыл туралы жаза бергім келетіні несі екен? Өзіңізге сыйға тартқан «Жүректерге жол іздеймін» атты кітапта да өзім талай құмын көшіп, көшесінде қылдырған атақоныс көріністері жиі кідірек береді. Сағыныштан болса керек. Сіздің де ел алдындағы абыройыңыз аласарған емес. Түптеп келгенде, кемелдену де, бітпейтін де бәрі-бәрі адамның өзіне байланысты екен. Алдыңғы буын аға ретінде сіз сол кемелдікке жақындап қалғандай көрінесіз де тұрасыз! Апама дұрасы ел жолдаңыз. Аманшылықпен жолыққанша! Сәлемен, қыздарыңыз Фәзиза Рахметқызы! Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Ақжайық ауылы.

ПАТЕНТ НЕГІЗІНДЕГІ АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМІН ҚОЛДАНАТЫН САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!!

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кіріс басқармасы хабарлайды, 2020 жылдан бастап патент негізіндегі арнайы салық режимін келесі іс-әрекет түрлерін: сылақ жұмыстарын; ағаш ұсталығы мен ағаш шеберлігі жұмыстарын; еден жабу және қабырға қаптау жөніндегі жұмыстарды; бояу және шынылау жұмыстарын; такси қызметін; автомобиль көлігімен жүк тасымалдауды; сыйақы үшін немесе шарт негізінде жылжымайтын мүлікті басқаруды; фотография саласындағы қызметті; аударма (ауызша және жазбаша) ісін; мүліктік жалдауға (жалға) беруді; көлік құралдарын мүліктік жалдауға (жалға) беруді; ойын-сауық және спорттық керек-жарақтарды прокатқа және мүліктік жалдауға (жалға) беруді; бейнежазбалар мен дискілерді прокатқа беруді; басқа да жеке тұтыну заттарын және тұрмыстық тауарларды прокатқа беруді және мүліктік жалдауға (жалға) беруді; ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығын мүліктік жалдауға (жалға) беруді; есептеуіш техниканы қоса алғанда, кеңсе машиналары мен жабдығын мүліктік жалдауға (жалға) беруді; спорттық білім және бос уақытты ұйымдастыру мамандарына білім беру саласында көрсетілетін қызметтерді; мәдениет саласындағы білім беруді көрсетілетін қызметтерін; басқа да білім беру саласында көрсетілетін қызметтерді; қосалқы білім беру қызметтерін; өнер саласындағы қызметті; компьютерлерді және перифериялық жабдықты жөндеуді; Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кіріс басқармасы

коммуникациялық жабдықты жөндеуді; жеке тұтыну заттарын және тұрмыстық тауарларды жөндеуді; шаштараз қызметтерін; маникюрді және педикюрді; ветеринариялық көрсетілетін қызметтерді; жер учаскелерін өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді; тұрғын үй-жайларды жинау және үй шаруашылығын жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтерді; базарларда, вокзалдарда жүк тасушылар көрсететін қызметтерді; музыкалық аспаптарды жасауды және жөндеуді; үй жануарларын бағуды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер қолдануға құқылы. Бұл ретте, жоғарыда көрсетілген Тізбеде жоқ іс-әрекеттер айналысатын жеке кәсіпкерлер келесі салық салу режимдерінің бірін таңдауы қажет: оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимі; тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимі; жалпыға бірдей белгіленген төртіпті. Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимі немесе оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимін қолдану үшін 2020 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданатын салық салу режимі туралы хабарламаны тапсыру қажет. Егер 2020 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданатын салық салу режимі туралы хабарламаны тапсырмаған жағдайда, жеке кәсіпкер жалпыға бірдей белгіленген төртіптен салық салу төртібіне ауысуға жатады. Одан басқа, бюджетпен патент арқылы есеп айырысуды жүзеге асыратын кәсіпкерлер үшін 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап бақылау-қасса машиналарын қолданудан босатылу күшін жояды.

Спартакуақа

БИЫЛ ДА БИРАЗ СПОРТШЫНЫҢ БАСЫН ҚОСТЫ

ӨТКЕН АПТАНЫҢ СОҢЫНДА ЖЫЛ САЙЫН ДӘСТҮРЛІ ТҮРДЕ ӨТКІЗІЛІП КЕЛЕ ЖАТҚАН АУЫЛ ЖАСТАРЫНЫҢ АУДАНДЫҚ СПАРТАКИАДАСЫ КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ӨТТІ. СОНЫМЕН БІРГЕ СОЛ КҮНІ ТАҢЕРТЕҢ ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ АЙМАҚТАРЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕҢҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН «АДАЛ ЖОЛ – ЧЕСТНЫЙ ПУТЬ» МАРАФОН ЭСТАФЕТАСЫНЫҢ ТУЫ ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ТАБЫСТАЛДЫ.



Ал, екі күнге ұласқан айтулы спорттық додада 8 команда спорттың 11 түрінен бақтарын сынады. 300-ге жуық спортшы қатысқан

табан жақындатып қойса, асық ату, қол күрес, қазақша күрес, тоғызқұмалық сынды спорт түрлерін кешке дейін аяқтады. Аудандық спартакиада да жыл сайын шыңдалып жүрген барлық спортшылар таңертеңнен құбылған ауа райына қарамастан команда қоржынын еселеуге тырысты. Соңғы жылдарда ауыл жастарының жазғы спартакиадасына қосылған ат спорты Көптоғайда да қолға алынып, ауылдың шығра берісі атқа мінген аптал азаматтардың шуына ұласты.

Жалпы командалық есеп бойынша III орын Қайыңды жастарына бұйырса, II орынды қараойлықтар еншіледі. Ал, I орынды көптоғайлықтар алып қалды. Өйткені спортқа жанашыр көптоғайлық жанкүйерлердің қолдауы ауылдастарының алға шығуына сөз де болса септігін тигізді. Енді ауыл жастарының аудандық спартакиадасы келесі жылы Сарбиеде өтеді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл-Көптоғай-Ойыл.



– Бүгін тіпті кеш келдің ғой. Жеңем наурыз көжеге шақырып еді. – Күйеу баласы ішін десе, алыс жер емес, бір кесе беріп жебермей ме? – Есен ет тұрып қалған тісін шұқып жамбастай жатты. – Апа сүт биш-ш, – деген баласына сүт құйып беріп отырған Бибі күйеуінің жүзіне қарады. Жанарында айтсам ба, айтпасама ба деген екіұшы ой тұр. – Мына баланы айтамын, жасы төрттен асып, беске бара жатыр. Тілі өлі анық емес... – деді сөзінің артын жұтып. Есен әйеліне қарады. – Өткенде доқтырға апарып ең ғой. – Ауданға сілтейді. Логопед деген маманға көрсет дейді. – Өй қойшы, – деді Есен едетінше тағы да жамбастай түсіп төбеге қарап. – Менің де тілім кеш шыққан. Әкесіне тартқан да. Бибі бұдан кейін сөзге келген жоқ, Есен қаламады ма оны ешқашан көндіре алмасын біледі. Аналық жүрегі баласының ертеңін ойлап сыздап тұрса да іштей тынып дастархан жинауға кірісті. – Ал, жиналғандар, – деді Есен есіне өлдене түскендей орнынан ұшып тұрып. – Тыныштық па? – Тыныштық. Жеңеннің көжесін ішіп қайтаймыз ба? – Байлай болсын, – деді Есен көлік ішінде келіншегіне күле қарап. Жеңеннің көжесін ішіп болған соң сен оларды өңімеге айналдырып отырасың. Мен бір қойын алып үйге өкеліп тастайын. Бибі шошып кетті. – Денің сау ма? Неге? – Балаңның тілі шықсын десең солай істеуге тура келеді. Қалғанын кейін түсініп жатарсың. – Сенің де шығармайтының жоқ, Бибі ештеңе түсінген жоқ. Дегенмен жанарыңа бір үрейдің ұялағаны анық. Бұл барғанда күтіп отырғандай-ақ қайын жұртының қақпасы тез ашылды. Жеңгесі едетінше алдымен шайын, кейін наурыз көжесін алып келді.

ҰРЛЫҚ

(Әңгіме) – Өй, жеңеше-ай, қолың бал ғой сенің. Мына қайын сіңліңе де осылай дәмді етіп тамақ пісіруді үйретсейші, – деді өзіл-шынын араластыра қалжыңдап. – Көңіл үшін айтып отырғаның ғой. Өйтпесе, қайын сіңліңнің қолы менің тамағымнан да шырын шығар сен үшін, – деді жеңгесі де өзілдей күліп. Көже ішіліп болған соң өңімеге көшті. – Сендер өңгімелесіп отыра тұрыңдар, мен барып бензин алып келейін, – деген Есен жылдам шығып кетті. Ештеңеден сезікпеген аға-жеңгесі мұның тілі шала баласының сөзін қызықтап өлек. Ұйытқытып кетіп, ұйытқытып келген Есен «ал, біз кетейік» деді асығып. – Тағы кішкене отырғандарыңда болар еді, – деп бөйек болып жатыр. – Рахмет отырдық. Көжеңіз дәмді болған екен. Ертең түсте біздің үйге тамаққа өтіңіздер, – деді кетіп бара жатып. – Не істедің? – деп сұрады сөл ұзаған соң-ақ Бибі. – Үйге апарып қойдым. Ертең таңертең ерте сойып қазанға салайық. Түске үлкен кісілерді де айтып жіберейін. – Неге олай етіп жатқаныңды түсінесем бұйырмасын. Біреудің малын ұрлап құран оқытқаны несі?.. – Ертең түсінесің. Осымен сөз бітті. Ертеңіне ағасы бар сырын ішіне бүгіп үнсіз келді. Жеңгесі болса едетінше самбырлай кірді. – Өй, жұрт тынышта не қылған ұры десейші, кеше түнде қойымызды ұрлап кеттің. Тағы ішіндегі ең семізін алып кеткенін айтсаңшы, – деп күйілісіп отыр. – Ештеңе етпейді. Алса, бөтен алмаған шығар, – деді ағасы. – Дұрыс айтасыз, – деді Есенде

– өзі ішім де сезім еді. – Е, – десті отырғандар. – Ем болсын, онда таңнан бері ойбайлап жүргенім ұят болған екен ғой, – деді жеңгесі ұялып. – Ия, ия. Нағашысының малының көтенішегімен қылқындарытын ырымы болушы еді, дұрыс, дұрыс, – деді Телен ақсақал сөзге қосылып. – Оны білдірмей ұрлау керек дейді ғой. – Бұрынғылардың ырымы қырын кетпеген ғой. – Олар да өмірден алған ғой. Уақыт сүзгісінен өтіп, өбден сұрыпталып бізге жеткен жәдігерлер ғой. – Қане, сол баланы өкеліңдер таңдай берейін. Сөйлемек былай тұсын, таңдайы тақылдаған шешен болсын, – деп бас мүжіп отырған Есеннің баласын алдырып алдына отырғызды. – Ал, айналайын Есен мына Ұлыстың Ұлы күнінде өлгенімдізді тіріліп, өшкенімдізді жандырып отырсың. Жетпіс жыл бодан боламыз деп санамыз ұланып, талайымыздан айырылып қалдық. Бұрынғыларды көрген, өнегесін алған біздің өзіміз ата-бабаның өнегесін мына сендерге бере алмай келеміз. Ескінің сарқыныша деп есімізді ұмыттық. Естілігімізден айырылдық. Біле-білгенге ата-бабаларымыздың өрбіс сөзі бір мектеп екен. Оны біз дұрыс түсінбептіз. Ал, бүгін келіп жастар күзілді деп бүгінгі ұрпақты біздейміз. Қарап отырсам біздің өзіміз оларға мектеп бола алмаппыз. Міне, сенің өжеңнің мектебін көріп отырмыз. Тіпті, сол кезде бес-алтыдағы бала болсан да, есінде қалыпты. Сол қазықтық есімізге салып отырсың. Марқұм Зибә кемпір бір аунап қалған шығар. Ал, бізді ертең немерелеріміз не деп еске алады екен деп ойлап отырмын қазір. Пенсиямізді алғанда өперген балмұздағымызбен еске ала ма? Өй, қайдам?... – Телен ақсақал тебірене сөйлей жөнелді. Жағалай отырған шал-кемпір түгел үнсіз бас ізесті. Бақтыгүл АУДАНОВА.

ҚЫСҚА КӨКӨНІСТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ ДҰРЫС ЖОЛДАРЫ ҚАНДАЙ?



Біздер, Ойыл ауданының тұрғындары, көкөністі ерте жазда жеткілікті мөлшерде пайдаланбайтынымызды қоса алғанда, қысқа өрі мол, өрі сапалы көкөніс түрлерін дайындап алып жүрміз бе? Менің көріп жүргенім мен пайымдауымша, бірен-саранымыз, оның ішінде басқа ұлт ағайындарымыз болмаса, қалғанымыз тек мерекелік дастархандар мен келетін қоңақтарымыз үшін ғана дайындайтынымыз таза шындық. Енді, осы көкөністі қысқа жеткілікті, өрі сапалы дайындап алатын орыс немесе басқа ұлт өкілдерінен қалмау үшін дәл қазір не істеуіміз, неден бастауымыз керек? Менің ойымша, ең алдымен мол көкөністі, соның ішінде картопты сақтап алу үшін кең, тілтік жобода салынған погребтен бастауымыз керек. Өйтпесе, еңбектің бос кетері айдап анық. Соған соң көктемге дайындықты күзде бастауымыз қажет, жеміс ағаштары мен көкөністің сарымсақ, жуа, сөбіз т.б. сияқты түрлерін қар түсерден бұрын, дұрыс білмейтін біреулердің айтуынша емес, тек бәрін интернет арқылы өбден дұрыстап қарап, толық көз жеткізгеннен кейін ғана отырғызуымыз керек (интернет ең сенімді көрсеткіш). Аудан орталығында огородты аулаға егу тиімсіз (су бағасының қымбаттығы, өрі сапалы ауыз суының обалдығы, ауладағы жердің тарлығы, өрі құнарсыздығы), немесе ауладан скважиналық құдық қазу керек. Ең бастысы, ойдағы «орыс огородын» бұрынғыша қалпына келтіруіміз қажет. Бұл қалпына келтіру жұмыстары 1997-1998 қаржылық дағдарыс жылдарында жаппай қолға алынған, оның ішінде өзімде болғаным, бірақ талпыныстың, тәжірибенің және жағдайлардың төмен болғандығынан өрі қарай жалғасуы ұзаққа бармады.

Қазіргі таңда ерінбейтін, ерік күштері мол бірен-саран ағайындарымыз, есіресе орыс ағайындар сол өрі суы тегін, ауладан гөрі бірнеше есе көлемді, өрі құнарлы жердің жемісін көруде. Айта кететін жағдай, өрине жерді қызғанбаймыз, бірақ азғантай орыс ағайындар осы құнарлы жерлерді көбірек алып қалуға тырысуда. Енді біздер, ойдағы құнарлы жерімізді бұрынғы «орыс огородынан» да мықты қылға талатпаймыз дамын. Бұл жерде Абай атамсыз айтқандай «талап, еңбек, терең ой» керек. Кеш қалмай тұрғанда, жерлерді заңдастырып бөліп алудан бастап, электр желісі мен орталықтандырылған су жүйесін тарту немесе су шығарудың тиімді жолдарын (бригадалар құру), огородтарды қажетті құралдармен, есіресе қоршауға қажет құралдармен қамтамелеу үшін кәсіпкерлерге тапсырыс беру жұмыстарын қолға алған дұрыс. Бұған, есіресе қолдары бастау, тәжірибелері молдау зейнеткер ағаларымыз, одан өрі мүмкіндіктері молырақ мекеме басшылары бастап шықса, келісті болар еді. Осыларды айта келе біздер, аудан тұрғындары, өрбір отбасы қысқа соғым союмен қатар жеткілікті, өрі сапалы (сепітра қосылмаған, құнарлы жерде өскен) көкөніс түрлерін (картоп – 10 қапшықтан кем емес, жуа, сөбіз, қызылша – өрбіреуі 1 қапшықтан кем емес, вареньеулер мен тұздалған өнімдер 20-30 банкадан кем емес т.б.) жинап алсақ нұр үстіне нұр болар еді. Сонда ғана, күнделікті тамақтануымызда витаминдер түрлері (патын тілінен аударғанда «өмір амандері») жеткілікті болып, өздеріміз бен балаларымыздың денсаулықтары дұрыс болары хақ.

Мыңжасар ДОСОВ, Ойыл селосының тұрғыны.

Ақ тиін мен қасқыр

Бір күні ақ тиін бұтақтан бұтаққа қарғып жүріп, ұйықтап жатқан қасқырдың үстіне құлайды. Қасқыр қарғып тұрып оны жегісі келеді. Ақ тиін жалынып: – Мені жеме, жібер? – дейді. – Жарайды, жіберейін, бірақ сен маған айт: нәліктен сендер өр уақытта шат болып жүресіңдер? Сонда ақ тиін: – Мені жіберіңіз, содан соң айтайын, өйтпесе жүрегім дірлідеп, сөйлей алатын емеспін, – дейді. Қасқыр ақ тиінді босатады. Ақ тиін ағаш басына шығып алып: – Сен қасқыр, залымсың, залымдық ішінді жандырады. Сондықтан орақшан қапалы жүресің. Біз ешкімге жауыздық істемейміз, сол үшін де өр уақытта мөз болып жүрміз, – депті.

